


ERG



Топтың климаттың өзгеруіне әсері мен бейімделуін басқару саясаты

Топтың климаттың өзгеруіне әсері мен бейімделуін басқару саясаты

1. Климаттың өзгеруі



Топ климаттың өзгеруі проблемасын шешуде, оның ішінде парниктік газдар шығарындыларының деңгейі анағұрлым төмен экономикаға жаһандық көшуді қамтамасыз етуге көмектесетін марганец, алюминий, кобальт және мыс сияқты металдарды жеткізудегі рөліміздің есебінен өз ролін атқаруға ұмтылады

ТОПТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЫНАЛАР БОЛЫП ТАБИЛАДЫ:



Климаттың өзгеруі тұрғысында Топтың қызметін басқарудың тиімді жүйесін құру;



Климаттың антропогендік өзгеруіне және өзгерістерге бейімделуге байланысты тәуекелдерді басқару бөлігінде Топтың бірыңғай жауапты көзқарасын қалыптастыру;



Топтың климаттың өзгеруі саласындағы стратегиясы, оның ішінде ұзақ мерзімді перспективада көміртегі бейтараптығына қол жеткізу мәселелерінде ішкі және сыртқы стейкхолдерлермен тиімді коммуникацияларды дамыту;



Климат өзгеруінің негізгі жаһандық проблемасы туралы Топ ішіндегі хабардар болудың артуы.

Климаттың өзгеруі – қазіргі заманның көкейкесті проблемасы және Топ әлемдік экономиканы көміртексіздендірудің маңызы мен кезек күттірмейтініне қатысты әлемде қол жеткізілген консенсусқа қосылады.

Топ жаһандық орташа температураның өсуін индустрияға дейінгі деңгейден тыс 2°C-тан әлдеқайда төмен ұстап тұру және ағымдағы ғасырдың екінші жартысына қарай температураның өсуін 1,5°C-қа дейін шектеу мақсатында күш салу бойынша БҰҰ КӨНК пен Париж келісімінде баяндалған климаттың өзгеруі саласындағы жаһандық мақсаттарды толық қолдайды және бұл мақсаттарға ұжымдық күш-жігер мен іс-қимылдардың арқасында қол жеткізуге болады деп есептейді.

Тау-кен және металлургия секторлары сыртқы стейкхолдерлердің – инвесторлардың, қаржылық қызметтерді берушілердің, клиенттер мен үкіметтердің тарапынан өз көміртегі ізінің деңгейіне қатысты артып отырған назар аударуға тап болуда.

2. Қағидаттар

2.1. Климаттың өзгеруіне төзімділікті арттыру.

Топ:



Топ жұмыс істейтін өңірлерде қабылданған климат және ПГ шығарындылары бойынша қолданыстағы және/немесе болашақ нормаларға қызметтің сәйкестігін қамтамасыз етуге;



Экологиялық және климаттық реттеуге байланысты әлеуетті шығындарды азайту мақсатында көміртегі бірліктерінің (шығарындыларға рұқсаттардың және/немесе ПГ шығарындыларын қысқартудан болатын әсерлердің) сауда нарықтарын пайдалануға;



Топтың бүкіл құнды жасау тізбегі бойынша бизнес-шешімдерде ПГ шығарындыларының құнын ескеруге;




Климат өзгеруінің Топтың қызметіне әлеуетті ұзақ мерзімді әсерін айқындауға және өзіміз жұмыс істейтін өңірлердің жергілікті қоғамдастықтарына әлеуетті әсерді ескере отырып, қажетті ден қою шараларын әзірлеуге ниетті.

2.2. Өніміміздің өмірлік циклі бойында көміртегі ізін азайту.

Топ:

- Өнімнің негізгі түрлері үшін көміртегі ізінің есеп-қисаптарын жүргізуге (1, 2 және 3-қамту аялары);
- 2050 жылға қарай ұстап қалу мен сіңіруді ескеріп, нөлдік шығарындылар деңгейіне жақындауға ұмтыла отырып, көміртекті бейтараптыққа қол жеткізуге дейін ПГ шығарындыларын қысқарту бойынша негізделген орта және ұзақ мерзімді мақсаттарды белгілеуге;
- Ағымдағы және болашақ қызмет үшін төмен көміртекті энергия көздері ретінде жаңартылатын энергетика жобаларының портфелін дамытуға;
- Технологиялық бейтараптық қағидатын негізге ала отырып, энергияны, ресурстарды және негізгі өндірістердің қалдықтарын пайдалану тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды қоса алғанда, көміртегі ізін қысқарту үшін мүмкіндіктерді анықтауға және оларға басымдық беруге;
- 3-қамту аясының шығарындыларын есептеуге және коммуникацияларды жандандыру арқылы серіктестерімізді, мердігерлерімізді және өнім берушілерімізді өздерінің көміртегі ізін бағалау мен қысқартуға ынталандыруға ниетті.



2.3. Климаттың өзгеру аспектілерін стратегия мен шешім қабылдау процесіне қосу.

Топ:



Планетаның климатына әсер етуге Топтың қосатын үлесін азайту мақсатын негізге алып, кейіннен тәуекелдерді басқару стратегиясын әзірлей отырып, климаттың өзгеруіне және көміртегі шығарындыларының деңгейі анағұрлым төмен экономикаға көшуге байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді сәйкестендіруге, бағалауға;



Топтағы бүкіл құнды жасау тізбегі бойынша шешім қабылдау процесіне климаттың өзгеру аспектілерін қосуды қамтамасыз етуге;



Топта климаттың өзгеруі саласындағы білім базасы мен сараптаманы дамытуға ниетті.

2. Қағидаттар

2.4. Мүдделі тараптармен ынтымақтастық жасау және серіктестік қатынастарды дамыту есебінен ПГ шығарындылары төмен экономикаға көшуді жеделдету.

Топ:

Біздің серіктестеріміз бен мердігерлеріміздің бүкіл құнды жасау тізбегі бойынша ПГ шығарындыларын қысқартуын ынталандыруда, ең алдымен, климаттың өзгеруіне антропогендік әсерді азайту бөлігіндегі Топтың басымдықтары туралы контрагенттерге ақпарат беру есебінен жетекші рөл атқаруға;



Төмен көміртекті экономикаға әділ көшуді қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, климаттық тәуекелдерді іске асыруға байланысты, жұмыс орындары мен әл-ауқатына сыни қатер төніп тұрған Топ қызметінің аймақтарындағы жұмыскерлер мен жергілікті қоғамдастықтарды қолдауға;




Бұл мүмкін әрі тиімді болатын жерде, ERG-дің Жасыл қаржыландыру саласындағы саясатына сәйкес Топтың климаттың өзгеруі саласындағы мақсаттарына жету үшін орнықты қаржыландыру құралдарын пайдалануға ниетті.



ПГ шығарындыларын қысқартуды ынталандыратын болжауға болатын ұзақ мерзімді жағдайларды қамтамасыз ету және ресурстарды қайта өңдеу мен қайталама пайдалануды қоса алғанда, тұйық циклді экономиканы ілгерілету үшін бастамашыл ұсыныстарды қалыптастыру, сараптама мен түсініктемелерді беру арқылы климаттың өзгеруі саласындағы тиімді және негізделген мемлекеттік саясаттарды әзірлеуге қатысуға;

Металлургиялық және тау-кен өндіру, сондай-ақ технологиялық және ғылыми-зерттеу компанияларымен, мамандандырылған акселератор платформалармен және басқа да нысандардағы серіктестіктер арқылы төмен көміртекті технологиялар саласындағы инновацияларды ынталандыруға;



2.5. Климаттық есептіліктің ашықтығын арттыру.

Топ:



2022 жылғы нәтижелерден бастап – Топтың ПГ шығарындыларын түгендеу туралы деректерді, ал 2023 жылғы нәтижелерден бастап тәуелсіз ұйымдар растаған түгендеу деректерін тиісті жылдық есептерде (орнықты даму туралы есепте, интеграцияланған есепте) жариялауға;



Ашық әрі айқын түрде тиісті жылдық есептерде (орнықты даму туралы есепте, интеграцияланған есепте) климатқа байланысты мақсаттар мен міндеттерді жариялауға және алға қойылған мақсаттарға жетудегі прогресс туралы есеп беруге;



Ең үздік практикаларға сәйкес келуге ұмтыла отырып, климатқа байланысты есептердің қамтуы мен мазмұнын кеңейтуге, оның ішінде TCFD талаптары мен ұсынымдарын ескеруге ниетті.